


Бекітемін: 
«Бөбек kids» жеке бөбекжай
менгерушісі Г.М.Айткалиева
№1 Педагогикалық кеңес
«28» тамыз 2023 жыл

Келісілді 
әдіскер Б.Ф.Имашева

«Бөбек kids» жеке бөбекжайы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және оқу бағдарламасы негізінде
2023-2024 оқу жылына «Болашақ» ересек тобына
арналған «Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Музыка жетекшісі: Хайрушева Д.Е

Білім беру ұйымы: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топ: «Болашақ» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезені: Қыркүйек-мамыр 2023-2024 ж.ж.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка тыңдау: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау ережелерін сақтау) үйрету. Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру. Билер: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды, сылдырмақтарды қолдану. Күтілетін нәтиже: музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдайды), әнді мәнерлеп айтады, би қимылдарын орындайды.
Қазан	Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету. Ән айту: Әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Марш сипатын ырғақты жүріспен беру. Билер: Кіріспеден кейін қимылдарды бастауға үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Домбыра аспабы. Күтілетін нәтиже: Әнді созып, қимылдармен үйлестіріп (ре-си бірінші октава шегінде) айтады, Марш сипатын ырғақты жүрумен береді. Қазақтың ұлттық аспабы домбыраны біледі, оның даусын таниды.

Қараша	Музыка тыңдау: Таныс шығармаларды білуін қалыптастыру. Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Билер: Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды ағаш қасықтарды қолдану. Күтілетін нәтиже: Таныс шығармаларды таниды, қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды біледі, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен береді, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды.
Желтоқсан	Музыка тыңдау: Тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу. Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіруді үйрету. Билер: Би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтауын дамыту. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Асатаяқ. Күтілетін нәтиже: Тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі, сөздерін анық айтады, музыканың ырғағын нақты береді, қос аяқпен еркін және жеңіл секіреді, би қимылдарын орындайды.
Қаңтар	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам) Ән айту: Музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыруды үйрету. Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындату. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды сазсырнайды қолдану. Күтілетін нәтиже: Музыканың сипатын жеткізе біледі, музыканың ырғағымен жүреді, қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді.

Ақпан	Музыка тыңдау: Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертуді қалыптастыру. Билер: Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды барабанды қолдану. Күтілетін нәтиже: Таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертеді.
Наурыз	Музыка тыңдау: Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдауын дамыту. Билер: Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүруді үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды металлофонды қолдану. Күтілетін нәтиже: Қазақтың ұлттық аспабы домбыраны біледі, оның даусын таниды, әнді созып, сөздерін анық айтады, музыканың ырғағымен жүреді, қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді.
Сәуір	Музыка тыңдау: Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу. Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Билер: Қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білуге үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды металлофонды қолдану. Күтілетін нәтиже: Әнді мәнерлеп, созып, қимылдармен үйлестіріп орындайды. таныс әндерді сахналайды, қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытады.

Мамыр	Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе орындауларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Билер: Атрибуттармен би қимылдарын орындау. Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарда оркестр құру. Ағаш қасықтар, сылдырмақтар, барабандар, металлофондар, сазсырнай, асатаяқ, домбыра. Күтілетін нәтиже: таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады; тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі; қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды біледі; әнді созып, сөздерін анық айтады; ұлттық би өнеріне қызығушылық танытады.
---	--